

БӨЛІМ: ҚАЗАҚ ӘДЕБИЕТІ

Д.Бабатайұлы "О,Ақтан жас, Ақтан жас"

ЖАРИЯЛАНДЫ
11.01.2018СІЛТЕМЕ
<https://bilimger.kz/25831/>

АННОТАЦИЯ / АҢДАТПА

Күні: 21.11.17.

Пәні: қазақ әдебиеті.

Сыныбы: 5.

«ә»

Бекітемін:

Тақырыбы	Дулат Бабатайұлы «О, Ақтан жас, Ақтан жас...»	
Жалпы мақсат	Өлеңнің мазмұнын меңгере отырып, тақырыбы мен идеясын ашу, талдау. Шығармашылық жұмысқа баулу, көркем әдебиетке қызығушылығын ояту, біліп-үйренуде бір-біріне көмектесуге дағдыландыру	
Күтілетін нәтиже	Өлеңнің тақырыбы мен идеясын, тәрбиелік мәнін ашады, топ ішіндегі белсенділігі артады	
Қолданылатын әдіс-тәсілдер	Блум жүйесі, СТО стратегиялары.	
Қолданылатын ресурстар	Ақ парақтар, маркерлер, бағалау парақшалары.	
Ұйымдастыру кезеңі	Оқушыларды сапқа тұрғызып, 4-ке дейін санау арқылы топқа бөлу. Әр топқа бағалау парағын таратып беру.	Оқушылар топқа бөлініп, өз топбасшыларын сайлайды. Бағалау парағы арқылы топбасшылар өз топ мүшелерін бағалап отырады.

Сабақ кезеңдері	Тапсырма	Мұғалімнің іс-әрекеті	Оқушылардың іс-әрекеті
Білу	Мәтінмен жұмыс	Дулат Бабатайұлы туралы мәтінді, өлеңін оқып, сұрақтарға жауап береді. 1.Дулат кім, ол туралы не білеміз? 2.Қай ғасырда өмір сүрген? 3.Ақынның оқулықта берілген өлеңі қандай тәсілмен жазылған? 4.Риторикалық сұраулы сөйлем дегеніміз не? 5.Өлеңде кім туралы айтылған?	Сұрақтарға жеке-жеке жауап береді, түсінігін айтады.

Түсіну	Неліктен?	Ақын неліктен Ақтанның болашағынан зор үміт күтеді?	сұрақтарға жауап береді.
Қолдану	Сипаттау	Өлеңнен ер жігітке тән сипаттарды анықтап жазу.	Сипаттама жазады

Талдау	Тапсырмалар орындау	1-топ:4-тапсырманы орындайды 2-топ:5-тапсырма 3-топ:8-тапсырма	Әр топ тапсырмаларды орындайды.
		.Талдау жұмысы Лирика Арнау Риторикалық сұрау Азаматтық идея, азаматтық үн Саяси лирика Сұрай арнау О,Ақтан жас, Ақтан жас, Сен де жетер ме екенсің? (жетеді) Үлкен ер қорғаны болар азамат болу Ұйқас түрі Буын саны Поэтикасы, яғни тілі Өлеңнің тақырыбы Ақын лексикасы Кезекті ұйқас, шұбыртпалы ұйқас Жеті – сегіз, тоғыз буынды аралас келетін өлеңдер Риторикалық сұрақ, ассонанс Жетім бала жайлы Қару-жарақ, көне мата, жер атаулары Әдеби - теориялық талдау «О,Ақтан жас, Ақтан жас» өлеңі Эпитеттер: Бадана көз, тоғыз тор Сөз тіркестері: Түтінін үзбей оқ атқан, бсағасын борлатқан, керегесін торлатқан, тегеріші манаттан. Ассонанс: Жапанға біткен жапырақ Жамылсаң тоңар ма екенсің? Жазғы шыққан бүлдірген... ... Сырты қырлы, жүзі алмас, Салған-дағы жоғалмас Сапы асынар ма екенсің? Мағынаны таны. Оқушылардан Жылқы малының жас шағына. қарай саралауын сұрау Құлын-тай- құнан-дөнен-бесті Оқушылардан жылқы малына арналған мақал – мәтелдерді сұрау Мысалы: 1.Ат аяғынан семілер, Адам құлағынан семілер 2.Арғымақта артық ет болмайды. 3.Ат жақсысын мақта, Адам жақсысын жақта 4.Ат – ер қанаты Қазақ жырларындағы батырларға серік болған тұлпарлар жайлы сұрау Ер Төстік — Шалқұйрық Ер Тарғын — Тарлан Қобыланды батыр – Тайбурыл Әр топ орындайды.	

Жинақтау	Екі жақты күнделік	Әсер еткен тұсы	Себебі
----------	--------------------	-----------------	--------

«Арманым мені
алысқа жетелейді»
атты тақырыпта
өлең шығару
I топ өлеңі
Арманым менің
асқақ, заңғар биік
аңсаған,
Оған жету жолында
ешқашанда
тайсалман.
«Болар бала алысқа
қарар» деген
даналық
Елімнің жанашыры,
болармын бір
майталман!
II өлеңі
Арманым – ұстаз болу,
білім беру,
Шәкірт бойына ізгілік
дәнін себу.
Арманым көп әрине
мына менде
Адал жан боп еліме
қызмет ету.
III топ өлеңі
Армансыз адам бұл
өмірде болмайды,
Қанатсыз құс та,сірә,
бірақ оңбайды.
Қызмет ету- ізгі борыш,
бір міндет
Адал жандар бірін –бірі
қолдайды.

Бағалау	Қалай ойлайсың?	1.Ақын өлеңді тек Ақтанға арнаған ба? 2.Ақын жастарға бата бере отырып, олардан қандай қандай үміт күтеді? 3.Ал біз қандай болуымыз керек? 4.Ақынның арманы – жастардың болашағы жақсы болу керектігін айту. Жақсы болу үшін не істеуіміз керек? 5.Біздің еліміздің ұлттық идеясы – Мәңгілік ел болу. Мәңгілік ел болу үшін не істеуіміз керек?	Оқушылар сұрақтарға сыни тұрғыдан ойланып жауап береді.
Үй жұмысы	Жырды толық оқып келу.		

Критериалды бағалау. 6-сынып. Қазақ әдебиеті

Оқушының аты-жөні:	кім? не? қашан? қайда? не істеді?	Неліктен? Себебі? Не үшін? Неге?	Мәтінмен жұмыс	Салыс-тыру, талдау, анықтау.	Жинақ-тау	Қалай ойлайсың?	Қорытын-ды баға
	5 ұпай -«3» 1=1 ұпай 1-2=3 ұпай 3-4=4 ұпай 5=5 ұпай		4 ұпай — «4» 1=1 ұпай 1-2=2 ұпай 3=3 ұпай 4=4 ұпай		3 ұпай - «5» 1=1 ұпай 2=2 ұпай 3=3 ұпай		1-2 ұпай- «2» 3-6 ұпай- «3» 7-9 ұпай- «4» 10-12 ұпай- «5»

ҚМ АА Куәлік нөмірі: **KZ45VPY00102718** — ҚР Мәдениет және Ақпарат министрлігі

© 2026 **Bilimger.kz** Ақпараттық-танымдық білім порталы. Барлық мазмұн авторлық құқықпен қорғалған.